

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде
2015 жылғы 25 мамырда өткен «Қазақстан Республикасының жеңіл
өнеркәсібін дамыту туралы» тақырыбындағы
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Ә.Ө. Исекешевтің «Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсібін дамыту туралы» баяндамасын тыңдап, талқылай келе, мынаны **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Ішкі нарықтағы отандық жеңіл өнеркәсіптің сапалы өнімін жылжыту стратегиясын әзірлеп қабылдасын және өзінің өндіріс тауарларының үлесін 10-нан 30 пайызға дейін ұлғайтсын.

Тұрып қалған жеңіл индустрия кәсіпорындарын іріктеу және іске қосу үшін «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі» АҚ ресурстарын тартсын және осы саланы басқару мен дамыту жөніндегі ұлттық операторды құрсын.

Жеңіл өнеркәсіпті дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған кешенді жоспарын қайта қарасын және инвестицияларды, технологиялық инновацияларды тартуды, өзінің шикізат пен тоқыма базасын құру және отандық сапалы брендтік өнім өндіруді ынталандыратын шаралармен толықтырсын.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасына көп функциялы және мобильді жабдықты, қосалқы және көмекші бөлшектерді сатып алу, жеңіл индустрия өндірістерінің «жылдам өсуі» үшін жаңа технологияларды қолдану мақсатында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру мен жеңілдікті кредиттер бөлу шарттарын оңайлату бойынша өзгерістер енгізсін.

Өсірудің қазіргі заманғы технологияларын пайдаланатын мақта, жүн, тері өндірушілерді ынталандыру және өзінің сапалы шикізатын алу мақсатында субсидиялау (өндірілген өнім бірлігіне субсидияларды бөлу арқылы) тетіктерін жетілдірсін.

Өңделу дәрежесі төмен өнімді әкетуге жоғары баждарды енгізу арқылы шикізат экспортын тежеу бойынша шараларды қолдансын және «көлеңкелі» экспорттың жолын кесу мақсатында тері шикізатының, өңделмеген былғары мен жүннің экспортына тыйым салуды енгізсін.

Отандық шикізатты бәсекеге қабілетті дайын өнімге дейін терең қайта өңдеуді жүзеге асыратын тоқыма, тері, былғары өнеркәсібінің өндірушілері үшін қосылған құн салығынан босату, сондай-ақ преференциялар мен субсидияларды қолдану жолымен жеңілдіктер беруді көздесін.

Қосылған құны жоғары өткізілген өнімнің бірлігіне жеңіл өнеркәсіп тауарларының экспортын ынталандыру тетіктерін енгізсін (пайдаға және мүлікке салықтарды төмендету, акциздер мен баждарды төлеуден босату, сондай-ақ тауарларды тасымалдауға және сақтауға жұмсалған шығындар бөлігін өтеу жолымен).

Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау шеңберінде саланы құруға және дамытуға бөлінетін бюджет қаражатының нысаналы әрі тиімді пайдаланылуын бақылауды қатаңдатсын.

Қазақстандық жеңіл өнеркәсіп тауарларын сыртқы нарыққа жылжыту үшін Еуразиялық экономикалық одақтың артықшылықтарын және халықаралық нарықтарға қолжетімділікті пайдалана отырып, мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылын күшейтсін.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің сапасын бақылауды, оның ішінде өндірістерде техникалық бақылау бөлімдерін жаңғырта отырып бақылауды арттырсын, сондай-ақ азаматтардың денсаулығына өнімнің әсерін бағалаудың өлшемшарттарын әзірлесін және тауарлардың тұрақты мониторингі мен бірыңғай ақпараттық порталды жүргізуді қамтамасыз етсін.

Санитариялық-гигиеналық нормативтерге, техникалық регламенттер мен стандарттарға сәйкес келмейтін тігін, тоқыма, тері-былғары және аяқ киім өнімін өткізу үшін жауаптылықты қатаңдатсын.

Жергілікті атқарушы органдарға малдың сойылуын, жүнін кырқуды және шикізатты бастапқы өндеудің сапасын тиісті ветеринариялық бақылауды қамтамасыз ету жөнінде функцияларды бере отырып, оларды сатып алу-дайындау пункттерін құруға міндеттесін.

Бірыңғай мектеп формасын енгізу (мектептерге өзіндік форма үлгілерін бекіту құқықтарын бере отырып) және оның өндірісіне мемлекеттік тапсырыс мәселелерін қарастырсын, бұл ретте балаларға арналған киім мен аяқ киімді қазақстандық өндірушілердің әлеуетін пайдалансын және жеке «Балалар киімі» статистикалық көрсеткішін енгізісін.

Балалар киімдерін, аяқ киімдер мен мектеп керек-жарақтарын озық отандық өндірушілер туралы халықты ақпараттандыруды қамтамасыз етсін және осы ақпаратты облыстық әкімдіктердің сайттарында орналастырсын.

Денсаулық сақтау, білім беру, санаторий-оңалту кешендерін, түзету мекемелерін, сондай-ақ әскери, құқық қорғау және арнаулы органдарды отандық тігін және тоқыма өнеркәсібі бұйымдарымен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын.

Қазақстан Республикасының заңнамасына отандық тауарларды насихаттау мақсатында отандық тауарларды өткізу, республикалық және өңірлік деңгейлерде таныстыру көрмелері-жәрмеңкелері мен конкурстарды өткізу үшін сауда алаңдарын берудің жеңілдікті шарттары туралы нормаларды енгізсін.

Тауар өндірушілер және «Қазақстанда жасалған» киімдер мен аяқ киімдер бренді туралы танымдық теле-, радиобағдарламалар шығару арқылы қазақстандық жеңіл өнеркәсіп тауарларын танымал ету үшін Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен қоғамдық ұйымдардың құралдарын пайдалансын.

Халықтың қолөнер кәсібі индустриясын дамыту және Қазақстан халқының мәдени мұрасын сақтау үшін ұлттық кәсіпшіліктердің бұйымдарын өндірушілерге, әсіресе ауылдық жерлерде қолдау көрсетсін.

Оқытудың сапасын бақылаудың заманауи жүйесін құру және нақты бизнес өкілдерімен және салалық қауымдастықтармен келісу негізінде мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру арқылы жеңіл өнеркәсіп үшін білікті кадрларды даярлау жөніндегі жұмысты күшейтсін.

Кәсіптің беделін арттыру мақсатында «Өндіріс озаты», «Ерен еңбек», «Үздік тігінші», «Үздік өндіріс шебері» құрметті атақтарын жаңғыртсын.